

Алматай Қ.^{*1} , Даникеева А.Б.²  Шарипходжаева Ж.Б.³ , Абсатарова Г.П.⁴ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

²М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (Тараз, Қазақстан)

³Алматы гуманитарлық экономикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

⁴С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, (Алматы, Қазақстан)

*e-mail: kuanish8777@gmail.com

Қазақстандық мұғалімдердің кәсіби қанағаттануы мен психологиялық әл-ауқатының өзара байланысы

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы мұғалімдердің кәсіби қанағаттануы мен психологиялық әл-ауқатының өзара байланысы қарастырылады. Зерттеу педагогтердің кәсіби қызметіне қанағаттану деңгейі мен олардың психологиялық әл-ауқаты арасындағы тәуелділікті талдауға, сондай-ақ аталған көрсеткіштердің педагогикалық қызмет тиімділігіне ықпалын анықтауға бағытталған. Зерттеудің мақсаты – мұғалімдердің психологиялық әл-ауқатының негізгі компоненттерін айқындау және кәсіби қанағаттану деңгейі әртүрлі мұғалімдердің әл-ауқат көрсеткіштерін салыстырмалы талдау. Әдіснамалық негізін психологиялық әл-ауқат пен кәсіби қанағаттану мәселелерін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды. Зерттеу К. Рифф пен Эд Динер ұсынған теориялық тұжырымдамаларға сүйенеді. Эмпирикалық зерттеу 2025–2026 жылдары Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде жұмыс істейтін 180 мұғалімнің қатысуымен жүргізілді. Зерттеу барысында деректерді жинау үшін келесі психодиагностикалық әдістемелер қолданылды: тұлғалық ерекшеліктерді бағалауға арналған TIPI-RU «Үлкен бестік» сауалнамасы; кәсіби күйзеліс деңгейін анықтауға арналған К. Маслач әзірлеген кәсіби күйіп кету сауалнамасы (Maslach Burnout Inventory); психологиялық әл-ауқатты бағалауға арналған К. Рифф шкаласы; өмірге қанағаттану деңгейін анықтауға арналған Эд Динер ұсынған Satisfaction with Life Scale; сондай-ақ еңбекке қанағаттануды бағалауға арналған Paul E. Spector әзірлеген Job Satisfaction Survey (JSS). Алынған деректер сипаттамалық статистика, корреляциялық және регрессиялық талдау әдістері арқылы өңделді. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің кәсіби қанағаттануы мен психологиялық әл-ауқаты арасында статистикалық тұрғыдан мәнді оң байланыс бар екенін көрсетті. Бұл педагогтердің кәсіби қызметіне қанағаттану деңгейі олардың психологиялық жағдайына тікелей әсер ететінін дәлелдейді. Алынған нәтижелер білім беру жүйесінде мұғалімдердің психологиялық денсаулығын қолдауға бағытталған тиімді бағдарламаларды әзірлеудің маңыздылығын негіздейді.

Түйін сөздер: психологиялық әл-ауқат; кәсіби қанағаттану; мұғалімдер; кәсіби күйзеліс; өмірге қанағаттану

Алматай Қ.¹, Даникеева А.Б.², Шарипходжаева Ж.Б.³, Абсатарова Г.П.⁴

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

²Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати (Тараз, Казахстан)

³Алматинский гуманитарно-экономический университет (Алматы, Казахстан)

⁴Казахский национальный медицинский университет имени С. Ж. Асфендиярова (Алматы, Казахстан)

*e-mail: kuanish8777@gmail.com

Взаимосвязь профессиональной удовлетворённости и психологического благополучия казахстанских учителей

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема взаимосвязи профессиональной удовлетворённости и психологического благополучия учителей в Казахстане. Исследование направлено на анализ зависимости между уровнем удовлетворённости педагогов своей профессиональной деятельностью и их психологическим благополучием, а также на выявление влияния указанных показателей на эффективность педагогической деятельности. Цель исследования – определить основные компоненты психологического благополучия учителей и провести сравнительный анализ показателей благополучия у педагогов с различным уровнем профессиональной удовлетворённости. Методологическую основу исследования составляют труды отечественных и зарубежных учёных, посвящённые проблемам психологического благополучия и профессиональной удовлетворённости. Исследование опирается на теоретические концепции К. Рифф и Эд Динер. Эмпирическое исследование проведено в 2025–2026 гг. с участием 180 учителей общеобразовательных школ Казахстана. Для сбора данных использовались следующие психодиагностические методики: опросник TIPI-RU «Большая пятёрка»; опросник профессионального выгорания К. Маслач (Maslach Burnout Inventory); шкала психологического благополучия К. Рифф; шкала удовлетворённости жизнью Эд Динер (Satisfaction with Life Scale); а также опросник удовлетворённости работой Paul E. Spector (Job Satisfaction Survey). Обработка данных осуществлялась с применением методов описательной статистики, корреляционного и регрессионного анализа. Результаты исследования показали наличие статистически значимой положительной взаимосвязи между профессиональной удовлетворённостью и психологическим благополучием учителей. Установлено, что уровень удовлетворённости профессиональной деятельностью оказывает непосредственное влияние на психологическое состояние педагогов. Полученные результаты обосновывают необходимость разработки эффективных программ, направленных на поддержку психологического здоровья учителей в системе образования.

Ключевые слова: психологическое благополучие; профессиональная удовлетворённость; учителя; профессиональное выгорание; удовлетворённость жизнью

Almatay K. ¹, Danikeyeva A.B. ², Sharipkhojaeva Zh.B. ³, Absatarova G.P. ⁴

¹Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

²M. Kh. Dulaty Taraz Regional University (Taraz, Kazakhstan)

³Almaty Humanitarian-Economic University (Almaty, Kazakhstan)

⁴Kazakh National Medical University named after S. J. Asfendiyarov (Almaty, Kazakhstan)

*e-mail: kuanish8777@gmail.com

The relationship between professional satisfaction and psychological well-being of kazakhstani teachers

Abstract

This article examines the relationship between teachers' job satisfaction and psychological well-being in Kazakhstan. The study aims to analyze the association between the level of teachers' satisfaction with their professional activity and their psychological well-being, as well as to determine the impact of these indicators on teaching effectiveness. The objective of the study is to identify the key components of teachers' psychological well-being and to conduct a comparative analysis of well-being indicators among teachers with different levels of job satisfaction. The methodological framework is based on the works of national and international scholars addressing psychological well-being and job satisfaction. The study relies on the theoretical concepts of Carol Ryff and Ed Diener. The empirical study was conducted in 2025–2026 and involved 180 teachers from general education schools in Kazakhstan. The following psychodiagnostic instruments were used: the TIPI-RU Big Five

Inventory; the Christina Maslach Maslach Burnout Inventory (MBI); Carol Ryff Psychological Well-Being Scales; Ed Diener Satisfaction with Life Scale (SWLS); and the Paul E. Spector Job Satisfaction Survey (JSS). Data were analyzed using descriptive statistics, correlation, and regression analysis. The results revealed a statistically significant positive relationship between job satisfaction and psychological well-being among teachers. It was found that the level of job satisfaction has a direct impact on teachers' psychological state. The findings highlight the importance of developing effective programs aimed at supporting teachers' psychological health within the education system.

Keywords: psychological well-being; job satisfaction; teachers; burnout; life satisfaction

Кіріспе Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында еңбек ресурстарының сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың басым бағыттарымен айқындалады. Қазақстан Республикасында еңбек қызметін ұйымдастыру, қызметкерлердің құқықтарын қорғау және еңбек жағдайларын реттеу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі аясында жүзеге асырылады. Аталған нормативтік-құқықтық құжатта қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, психофизиологиялық жүктемені оңтайландыру және олардың денсаулығын сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылған.

Сонымен қатар, халықтың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын арттыру міндеттері бірқатар стратегиялық құжаттарда көрініс тапқан. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [1] және Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [2] аясында тұлғаның психологиялық денсаулығын сақтау, еңбек өнімділігін арттыру және адами капиталды дамыту негізгі басымдықтардың бірі ретінде белгіленген. Бұл өз кезегінде кәсіби қызметтің тиімділігі мен қызметкерлердің психологиялық жай-күйі арасындағы өзара байланысты зерттеудің маңыздылығын арттырады.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесі қарқынды трансформация кезеңін бастан өткеруде, бұл педагогтердің кәсіби қызметіне қойылатын талаптардың күрделене түсуіне алып келеді. Мұндай жағдайда мұғалімдердің психологиялық жағдайына әсер ететін факторларды зерттеу ерекше өзектілікке ие болады. Сол факторлардың ішінде кәсіби қанағаттану деңгейі мен психологиялық әл-ауқат негізгі орын алады. Кәсіби қанағаттану тұлғаның өзінің еңбек қызметіне деген қатынасын сипаттайтын кешенді көрсеткіш ретінде қарастырылады және ол когнитивтік, эмоционалдық әрі мінез-құлықтық компоненттерді қамтиды. Ал психологиялық әл-ауқат адамның өмірге қанағаттану деңгейін, ішкі үйлесімділік пен психологиялық тұрақтылықты сипаттайтын субъективті көрсеткіш ретінде анықталады.

Осылайша, мұғалімдердің кәсіби қанағаттануы мен психологиялық әл-ауқаты арасындағы өзара байланысты зерттеу қазіргі білім беру жүйесі жағдайында ғылыми әрі практикалық тұрғыдан маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Теориялық негіздер. Кәсіби қанағаттану қызметкердің еңбек қызметіне қатысты күтулерінің нақты еңбек жағдайларымен сәйкестік деңгейін сипаттайтын маңызды психологиялық көрсеткіш болып табылады. Бұл ұғым тұлғаның еңбекке деген қатынасын кешенді түрде бейнелеп, оның когнитивтік, эмоционалдық және мінез-құлықтық компоненттерін қамтиды. Кәсіби қанағаттанудың қалыптасуын түсіндіруде Фредерик Герцберг ұсынған екі факторлы теория кеңінен қолданылады [3]. Аталған теорияға сәйкес, кәсіби қанағаттану мотивациялық факторлардың (жетістіктер, мойындалу, кәсіби өсу) және гигиеналық факторлардың (еңбек жағдайлары, жалақы, ұйымдық саясат) ықпалымен қалыптасады. Педагогикалық қызмет аясында кәсіби қанағаттануға әсер ететін негізгі факторларға еңбек жүктемесінің деңгейі, әкімшілік қолдау, әріптестермен және білім алушылармен қарым-қатынас сапасы, сондай-ақ мұғалім мамандығының әлеуметтік мәртебесі жатады. Аталған факторлардың үйлесімділігі мұғалімнің кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына және еңбек нәтижелілігіне тікелей ықпал етеді.

Кәсіби қанағаттану тек еңбек нәтижелілігінің көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар тұлғаның психикалық денсаулығының маңызды шарты ретінде қарастырылады. Зерттеулер көрсеткендей, кәсіби қызметке қанағаттану деңгейі жоғары болған жағдайда адамның ішкі

үйлесімділігі артып, шығармашылық белсенділігі мен жаңашылдыққа ұмтылысы күшейеді. Керісінше, кәсіби қанағаттанудың төмен деңгейі эмоционалдық шаршауға, кәсіби қажуға және еңбек өнімділігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Педагог мамандығының ерекшелігі мұғалімнің тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар тұлғаны қалыптастырушы субъект ретіндегі рөлімен анықталады. Мұғалім оқушыларға білімді сапалы жеткізіп қана қоймай, олардың танымдық қызығушылығын арттырып, оқу үдерісіне деген ішкі мотивациясын қалыптастыруы тиіс. Алайда кәсіби қанағаттанудың төмендігі педагогикалық қызметте бірқатар жағымсыз құбылыстардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Олардың қатарына сабақтан жиі қалу, оқушылар сұрақтарына жеткіліксіз немесе сапасыз жауап беру, кәсіби жауапкершіліктің төмендеуі, педагогикалық әдептің бұзылуы, заманауи оқыту технологияларын қолданбау сияқты жағдайлар жатады. Мұндай құбылыстар түптеп келгенде мұғалімнің кәсіби қызығушылығының төмендеуіне және білім беру сапасының әлсіреуіне алып келеді.

Жалпы алғанда, қанағаттану ұғымы тұлғаның мақсаттары, қажеттіліктері, күтілімдері мен нақты іс-әрекет нәтижелерінің сәйкестігі негізінде қалыптасатын эмоциялық реңкке ие психикалық күй ретінде анықталады. Ол адамның өмірінің маңызды салаларына, атап айтқанда еңбек, қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу үдерістеріне тікелей қатысты. Еңбекке қанағаттану, өз кезегінде, қызметкердің еңбек мазмұнына, сипатына және жағдайларына қоятын талаптарының оның осы талаптарды жүзеге асыру мүмкіндіктерін субъективті бағалауымен үйлесімділігі ретінде қарастырылады.

Кәсіби қанағаттану деңгейі еңбек мотивациясының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және ол жалақы деңгейі, еңбек жағдайлары, кәсіби бедел, жұмыспен қамтылудың тұрақтылығы сияқты көптеген факторларға тәуелді. Бұл мәселелер Ф. Герцберг [3], Элтон Мэйо [4], В. Врум [5] және Э. Лоулер [6] еңбектерінде, сондай-ақ отандық ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған. Мұғалімдердің психологиялық әл-ауқаты әлеуметтік маңызы жоғары кәсіби топ өкілдері ретінде ерекше назар аударуды талап етеді. Білім беру жүйесіндегі заманауи өзгерістер педагогикалық қызметті жүзеге асыру жағдайларына жаңа талаптар қояды. Осыған байланысты педагогтың кәсіби құзыреттілігі құрылымында тек кәсіби білім мен дағдылар ғана емес, сонымен қатар оның психологиялық және субъективті әл-ауқаты маңызды орын алады.

Педагог мамандығының ерекшелігі оның психологиялық әл-ауқаты мен кәсіби өзін-өзі сезінуі тікелей білім алушы тұлғасының қалыптасуына әсер етуімен сипатталады [7]. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, психикалық және физикалық жағдайы, сондай-ақ жеке тұлғалық ерекшеліктері оның педагогикалық қызметінің нәтижелеріне, білім беру ортасының қауіпсіздігіне, білім алушылармен және әріптестермен өзара әрекеттесу тиімділігіне [8], сондай-ақ жалпы білім беру үдерісінің сапасына ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, мұғалімнің психологиялық әл-ауқаты оның тек жеке денсаулығының көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар кәсіби ұзақ мерзімділігінің маңызды алғышарты болып табылады [9]. Соған қарамастан, психологиялық әл-ауқат мәселесі ұзақ уақыт бойы зерттеліп келе жатқанына қарамастан, қазіргі таңда бұл ұғымға қатысты бірыңғай теориялық көзқарас пен нақты критерийлер жүйесі толық қалыптаспаған. Сондықтан мұғалімнің психологиялық әл-ауқатының құрылымы, оны бағалау көрсеткіштері мен зерттеу әдістерін анықтау мәселелері әлі де өзекті ғылыми міндеттердің қатарында қалып отыр.

Білім беру саласы қызметкерлерінің кәсіби қызметінің тиімділігі, сондай-ақ педагогтердің педагогикалық стратегияларды жаңартуға деген ұмтылысы көп жағдайда олардың еңбекке қанағаттану деңгейіне тәуелді. Осы тұрғыдан алғанда, мұғалімдердің кәсіби қанағаттануын жүйелі түрде мониторинг жүргізу білім беру үдерісін талдау мен түзетудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Мұндай мониторинг білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында білім беру ұйымдарының қызмет нәтижелілігін арттыруға бағытталады. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби қызметіне қанағаттану деңгейі туралы мәліметтер тек кадрлық

тәуекелдерді анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге білім беру сапасын арттырудың маңызды ресурсы ретінде де қарастырылады.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде кәсіби қанағаттану феномені әртүрлі қырынан түсіндіріледі: ол бір жағынан психикалық күй ретінде, екінші жағынан еңбек мотивациясының факторы, сондай-ақ кәсіби қызмет пен оның нәтижелерін бағалау көрсеткіші ретінде қарастырылады [10]. Бұл ұғымның мазмұны тұлғаның құндылықтық бағдарлары мен әлеуметтік ұстанымдары жүйесі, еңбек мазмұны мен оны ұйымдастыру ерекшеліктері, қызметкердің кәсіби ортаға бейімделуі және еңбек белсенділігінің деңгейі арқылы ашылады. Сонымен қатар кәсіби қанағаттану тұлғаның өз еңбегінің материалдық, әлеуметтік және рухани нәтижелеріне қатысты күтулерінің жүзеге асу дәрежесімен сипатталады.

Осы зерттеу аясында кәсіби қанағаттану мұғалімдердің кәсіби қызмет жағдайлары мен үдерісіне қатысты олардың күтілімдері, қажеттіліктері мен сұраныстарының жүзеге асу деңгейімен анықталады. Кәсіби қанағаттануды зерттеу педагогтердің өз қызметіне деген қатынасы мен бағасына әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың кәсіби қызмет құрамдас бөліктеріне қатысты күтілімдері мен нақты жүзеге асуы арасындағы алшақтық деңгейін бағалауға жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде педагогикалық қызметтің проблемалық аймақтарын айқындап, мұғалімдерді кәсіби қолдау мен сүйемелдеудің тиімді бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Мұғалімдердің кәсіби қанағаттануына әсер ететін негізгі факторларға еңбек жағдайлары (жалақы деңгейі, әкімшілікпен және әріптестермен қарым-қатынас, кәсіби даму мүмкіндіктері, мамандықтың беделі), еңбек мазмұны (жұмыстың шығармашылық сипаты, білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен өзара әрекеттесу), сондай-ақ еңбек нәтижелері (білім алушылардың оқу жетістіктерінің оң динамикасы, педагогикалық тәжірибенің қалыптасуы) жатады. Өз кезегінде мұғалімдердің кәсіби қызметіне қанағаттануы тұлғаның кәсіби дамуының маңызды факторы ретінде қарастырылып, білім беру үдерісінің тиімділігі мен нәтижелілігін айқындайтын негізгі детерминанттардың бірі болып табылады.

Психологиялық әл-ауқат феноменін зерттеуде дәстүрлі түрде Кэрол Рифф ұсынған модельге сүйенеді [11]. Бұл модель психологиялық әл-ауқаттың алты негізгі құрамдас бөлігін қамтиды: автономия, тұлғалық өсу, қоршаған ортаға бейімделу (оның ішінде жағдайды түсіну және басқару қабілеті), өмірлік мақсаттың болуы, қоршаған ортамен позитивті қарым-қатынас және өзін-өзі қабылдау.

Зерттеушілер Н.Е. Жданова мен О.В. Мухлынина [12] педагогтердің психологиялық әл-ауқатының маңызды факторлары ретінде олардың өмірлік және кәсіби құндылықтық-мағыналық бағдарларын, сондай-ақ кәсіби қызмет барысында алынатын жағымды эмоцияларды атап көрсетеді. Сонымен қатар, авторлар педагогтің білім деңгейін де маңызды детерминант ретінде қарастырып, жоғары білімі бар мұғалімдерде психологиялық әл-ауқат деңгейі едәуір жоғары болатынын негіздейді.

Бірқатар ғылыми еңбектерде педагогтердің психологиялық әл-ауқатының құрылымына өмірлік мән, кәсіби қызметке тартылу деңгейі, қоршаған ортамен жағымды қарым-қатынас және жетістікке жету көрсеткіштері енгізіледі [13]. Сонымен қатар, білім беру үдерісінің субъектісі ретінде тұлғаның ішкі позициясының қалыптасуы ерекше маңызға ие, себебі мұндай позиция тұлғаның өзін-өзі өзгертуі мен үздіксіз дамуының ішкі тірегі ретінде қарастырылады.

Е.Б. Лактионова мен М.Г. Матюшина [14] мұғалімнің психологиялық әл-ауқаты құрылымын кеңейте отырып, оған тұлғаның позитивті қызмет етуін сипаттайтын бірнеше компоненттерді енгізуді ұсынады. Олардың қатарына эмоционалдық (аффективті), когнитивтік, тұлғалық ерекшеліктер, биологиялық (физиологиялық, психикалық және психосоматикалық денсаулық), тұлғааралық (әлеуметтік), мотивациялық-қажеттілік (әрекеттік), өзін-өзі жүзеге асыру (самоактуализация), моральдық-адамгершілік және сыртқы факторлар жатады.

Е.А. Романова және оның әріптестері [15] мұғалімдердің психологиялық әл-ауқатының төмендеуіне әсер ететін факторларды (мамандықтың төмен әлеуметтік мәртебесін сезіну, жоғары жүктеме, бос уақыттың жетіспеуі, әлеуметтік мойындаудың төмендігі) және оны арттыратын факторларды (мамандық таңдауға қанағаттану, еңбек нәтижелеріне қанағаттану, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру, креативтілік және кәсіби еркіндік) айқындайды. Осыған байланысты авторлар мұғалімнің психологиялық әл-ауқатының негізгі көрсеткіштері ретінде коммуникативтік, тұлғалық, когнитивтік, ұйымдастырушылық көрсеткіштерді және әлеуметтік қабылдау деңгейін ұсынады.

Авдеева А. П. және әріптестері күрделі әлеуметтік жағдайларда мұғалімнің психологиялық әл-ауқатын сақтау кәсіби мотивацияның (қызығушылық, кәсіби қызметке тартылу), қолайлы эмоционалдық жағдайдың (күйіп кетудің, мазасыздықтың, невротизацияның болмауы) және конструктивті мінез-құлық стратегияларын қолданудың маңыздылығымен қамтамасыз етілетінін атап өтеді [16].

Шетелдік зерттеулерде де мұғалімдердің психологиялық әл-ауқатын зерттеудің бірнеше бағыттары қалыптасқан. Мәселен, Benevene P., De Stasio S., Fiorilli C. Editorial [17] бұл саладағы зерттеулерді бес негізгі топқа бөледі: мұғалімдердің күйіп кетуі мен эмоционалдық интеллект арасындағы байланыс; субъективті бақыт пен өзін-өзі бағалаудың әл-ауқатқа әсері; мектептік контексттің рөлі; құндылықтар, өзіндік тиімділік және эмоциялық қатынастар; сондай-ақ әл-ауқат факторларын диагностикалауға арналған құралдар.

Hascher T., Waber J. 2000–2019 жылдар аралығындағы зерттеулерге шолу жасай отырып, олардың бір бөлігі жалпы әл-ауқат мәселелерін қарастырып, педагогикалық қызметтің нақты ерекшеліктерін ескермейтінін, ал енді бір бөлігі тек эмоционалдық күйіп кетуді бағалаумен шектелетінін атап көрсетеді. Авторлар психологиялық әл-ауқатты әртүрлі елдердегі кәсіби талаптармен, білім беру ортасының контекстімен және педагогтердің білім алушылармен және әріптестермен өзара әрекеттесу ерекшеліктерімен байланысты кешенді психологиялық құрылым ретінде қарастыруды ұсынады [18].

Б. Дрир [19] соңғы онжылдықтарда бұл мәселені зерттеу бағытында жаңа үрдістер қалыптасқанын атап өтеді. Атап айтқанда, зерттеулерде психологиялық әл-ауқаттың жағымсыз аспектілерімен қатар (стресс, эмоционалдық шиеленіс, жағымсыз эмоциялар, эмоционалдық сарқылу) оның позитивті қырлары да (жағымды эмоциялар, еңбекке қанағаттану, кәсіби белсенділік) кешенді түрде қарастырыла бастады. Автор бұл мәселені зерттеуде сыртқы (мектеп қауымдастығына тиесілілік сезімі, инновациялық үдерістер) және ішкі (кәсіби шекараларды анықтау, ұжымдағы қарым-қатынас, мамандыққа деген қатынас) факторларды қамтитын кешенді тәсілдің қажеттілігін негіздейді. Педагогтердің психологиялық әл-ауқаты мен кәсіби белсенділігін арттыруда кәсіби және тұлғалық ресурстарды оңтайландырудың, кәсіби даму мүмкіндіктерін кеңейтудің және өзіндік тиімділікті арттырудың маңыздылығы кеңінен қарастырылуда. Психологиялық әл-ауқаттың негізгі құрамдас бөліктері ретінде өзін-өзі қабылдау, автономия, қоршаған ортамен өзара әрекеттесу, өмірлік мақсаттар және тұлғалық өсуді атап өтеді. Сонымен қатар зерттеушілер педагогтердің психологиялық әл-ауқатын арттыруда кәсіби даму бағдарламаларының оң әсерін дәлелдейді.

Зерттеулерде мұғалімдердің әл-ауқатына оң әсер ететін факторлар ретінде өзін-өзі реттеу дағдылары, стресске төзімділік, тұлғааралық өзара әрекеттесу сапасы, кәсіби рефлексия мен кәсіби сәйкестілік, сондай-ақ оптимизм, өмірдің мәні мен мақсаты және өмірге қанағаттану деңгейі қарастырылады. Ал керісінше, стресс, талаптардың шамадан тыс көп болуы және оларды жүзеге асыру үшін ресурстардың жеткіліксіздігі мұғалімдердің психологиялық әл-ауқатына кері әсер ететін негізгі факторлар ретінде белгіленеді.

Зерттеу әдіснамасы: Зерттеудің әдіснамалық негізін психологиялық әл-ауқат және кәсіби қанағаттану мәселелерін қарастыратын отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдамалары құрайды. Зерттеу барысында жүйелілік, кешенділік және салыстырмалы талдау принциптері басшылыққа алынды. Эмпирикалық деректерді жинау мақсатында

сауалнама әдісі қолданылды. Зерттеуге Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде қызмет атқаратын 180 мұғалім қатысты. Психологиялық әл-ауқатты бағалау үшін К. Рифф әдістемесі, ал кәсіби қанағаттану деңгейін анықтау үшін арнайы сауалнама құралдары пайдаланылды. Сонымен қатар, тұлғалық ерекшеліктерді бағалау үшін TIPI-RU «Үлкен бестік» сауалнамасы, эмоционалдық күйді анықтау үшін позитивті және негативті аффект шкалалары, сондай-ақ өмірге қанағаттану деңгейін бағалау үшін Эд Динер әдістемесі қолданылды. Алынған мәліметтерді өңдеу барысында математикалық статистика әдістері, атап айтқанда корреляциялық талдау, сипаттамалық статистика және салыстырмалы талдау тәсілдері пайдаланылды. Бұл әдістер зерттелетін көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты анықтауға және олардың статистикалық мәнділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу және нәтижелерді талдау. Эмпирикалық зерттеу қазақстандық мұғалімдердің кәсіби қанағаттануы мен психологиялық әл-ауқаты арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталды. Зерттеу 2025–2026 жылдар аралығында жүргізіліп, оған Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде қызмет атқаратын 180 мұғалім қатысты. Қатысушылардың жасы 23 пен 59 жас аралығында болды, педагогикалық еңбек өтілі 1 жылдан 35 жылға дейінгі аралықты қамтыды. Зерттеу барысында психологиялық әл-ауқатты бағалау үшін К. Рифф әдістемесі, кәсіби күйзеліс деңгейін анықтау үшін К.Маслач сауалнамасы, өмірге қанағаттануды бағалау үшін Эд Динер әдістемесі, сондай-ақ тұлғалық ерекшеліктерді анықтауға арналған TIPI-RU «Үлкен бестік» сауалнамасы және Еңбекке қанағаттануды диагностикалау әдістемесі (Пол Спектор) қолданылды. Алынған мәліметтерді талдау барысында сипаттамалық статистика, корреляциялық талдау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері.

Кесте 1. Психологиялық әл-ауқат құрылымы (К. Рифф бойынша, N = 180)

Көрсеткіштер (шкалалар)	Төмен деңгей (%)	Орташа деңгей (%)	Жоғары деңгей (%)	Орташа мән (M)
Автономия	22	50	28	3,4
Өзін-өзі қабылдау	18	52	30	3,6
Өмірдің мақсаттылығы	20	49	31	3,5
Позитивті қарым-қатынас	17	54	29	3,6
Қоршаған ортаны басқару	23	48	29	3,4
Тұлғалық өсу	19	51	30	3,5
Жалпы әл-ауқат	20	51	29	3,5

Зерттеу нәтижелері К. Рифф ұсынған психологиялық әл-ауқат құрылымының барлық компоненттері бойынша мұғалімдерде орташа деңгейдің басым екенін көрсетті. Атап айтқанда, «позитивті қарым-қатынас» (54%) және «өзін-өзі қабылдау» (52%) көрсеткіштері салыстырмалы түрде жоғары, бұл педагогтердің әлеуметтік өзара әрекеттесу қабілеті мен өзін тұлға ретінде қабылдауы жеткілікті деңгейде қалыптасқанын білдіреді. Сонымен қатар «қоршаған ортаны басқару» (23% төмен деңгей) және «автономия» көрсеткіштері бойынша төмен деңгей үлесінің жоғарырақ болуы мұғалімдердің кәсіби ортада дербестік пен бақылау сезімінің жеткіліксіз болуы мүмкін екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, психологиялық әл-ауқаттың интегралды көрсеткіші ($M = 3,5$) зерттелушілердің эмоционалдық тұрақтылығы мен өмірлік қанағаттануы орташа деңгейде екенін, алайда оны арттыру үшін психологиялық қолдау мен кәсіби дамыту шараларының қажеттілігін айқындайды. Кристина Маслач әдістемесі педагогтердің кәсіби күйзеліс деңгейін үш компонент бойынша бағалайды: эмоционалдық шаршау, деперсонализация және кәсіби жетістік.

Кесте 2 – Мұғалімдердің кәсіби күйзеліс деңгейі (N = 180)

Көрсеткіштер	Төмен (%)	Орташа (%)	Жоғары (%)	Орташа мән (М)
Эмоционалдық шаршау	21	49	30	3,5
Деперсонализация	25	50	25	3,3
Кәсіби жетістік (редукция)	28	47	25	3,2
Жалпы күйзеліс	24	49	27	3,3

Нәтижелер мұғалімдердің басым бөлігінде кәсіби күйзелістің орташа деңгейде екенін көрсетті. Эмоционалдық шаршаудың салыстырмалы түрде жоғары болуы педагогтердің психоэмоционалдық жүктемесінің жоғары екенін білдіреді. Өмірге қанағаттану (Э. Динер бойынша). Эд Динер әдістемесі тұлғаның өміріне жалпы субъективті бағасын анықтайды.

Кесте 3 – Өмірге қанағаттану деңгейі (N = 180)

Деңгей	Саны	Пайыз (%)	Орташа мән (М)
Жоғары	50	28%	
Орташа	94	52%	3.6
Төмен	36	20%	

Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің өмірге қанағаттану деңгейі көбінесе орташа екенін көрсетті, бұл олардың жалпы субъективті әл-ауқаты тұрақты, бірақ толық жоғары деңгейге жетпегенін білдіреді. Тұлғалық ерекшеліктер (TIPI – «Үлкен бестік»). TIPI-RU сауалнамасы тұлғаның бес негізгі қасиетін бағалайды.

Кесте 4 – Тұлғалық көрсеткіштер (N = 180)

Қасиеттер	Төмен (%)	Орташа (%)	Жоғары (%)	Орташа мән (М)
Экстраверсия	26	48	26	3,3
Жақсы ниет	18	50	32	3,7
Саналылық	20	47	33	3,8
Эмоционалдық тұрақтылық	27	49	24	3,2
Ашықтық	22	51	27	3,5

Нәтижелер мұғалімдерде саналылық пен жақсы ниет көрсеткіштері жоғары екенін көрсетті, бұл олардың кәсіби жауапкершілігі мен әлеуметтік бағыттылығын айқындайды. Ал эмоционалдық тұрақтылықтың орташа деңгейде болуы күйзеліс факторларымен байланысты болуы мүмкін.

Кесте 5 – Мұғалімдердің еңбекке қанағаттану көрсеткіштері (П. Спектор бойынша, N = 180)

Көрсеткіштер	Төмен (%)	Орташа (%)	Жоғары (%)	Орташа мән (М)
Жалақы	38	44	18	2,9
Қызметтік өсу	34	46	20	3,0

Басшылық	22	50	28	3,4
Жеңілдіктер	30	48	22	3,1
Марапаттау	33	47	20	3,0
Жұмыс шарттары	28	49	23	3,2
Өріптестер	15	48	37	3,8
Жұмыстың мәні	12	46	42	4,0
Коммуникация	24	50	26	3,3
Жалпы қанағаттану	26	48	26	3,3

Зерттеу барысында мұғалімдердің еңбекке қанағаттануын бағалау үшін Paul E. Spector әзірлеген Job Satisfaction Survey (JSS) әдістемесі қолданылды. Нәтижелер педагогтердің еңбекке қанағаттануының жалпы деңгейі орташа екенін көрсетті (48%). Сонымен қатар, «жұмыстың мәні» (42%) және «әріптестермен қарым-қатынас» (37%) көрсеткіштері бойынша жоғары деңгей басым болды, бұл мұғалімдердің өз кәсіби қызметінің мазмұнына және ұжымдық ортаға оң көзқарасын білдіреді. Ал «жалақы» (38% төмен деңгей) және «қызметтік өсу мүмкіндіктері» (34% төмен деңгей) көрсеткіштері бойынша қанағаттанудың төмен болуы педагогтердің материалдық және мансаптық аспектілерге қатысты белгілі бір қанағаттанбаушылығын көрсетеді. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер мұғалімдердің кәсіби қызметтің ішкі мазмұнына көбірек қанағаттанатынын, ал сыртқы (материалдық және ұйымдастырушылық) факторлар бойынша мәселелер бар екенін айқындайды.

Кесте 6 – Айнымалылар арасындағы корреляциялық байланыс (N = 180)

Айнымалылар	1	2	3	4
1. Кәсіби қанағаттану (JSS)	1	0,63**	-0,57**	0,52**
2. Психологиялық әл-ауқат (Рифф)	0,63**	1	-0,61**	0,58**
3. Кәсіби күйзеліс (Масlach)	-0,57**	-0,61**	1	-0,49**
4. Өмірге қанағаттану (Динер)	0,52**	0,58**	-0,49**	1

Ескерту: ** $p < 0.01$ – статистикалық мәнді байланыс

Корреляциялық талдау нәтижелері зерттелген айнымалылар арасында статистикалық тұрғыдан мәнді байланыстардың бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, кәсіби қанағаттану мен психологиялық әл-ауқат арасында оң және орташа деңгейден жоғары байланыс анықталды ($r = 0,63$, $p < 0,01$). Бұл мұғалімдердің еңбекке қанағаттануы артқан сайын олардың психологиялық әл-ауқаты да жоғарылайтынын дәлелдейді. Сонымен қатар кәсіби күйзеліс пен психологиялық әл-ауқат арасында мәнді теріс байланыс анықталды ($r = -0,61$, $p < 0,01$), бұл күйзеліс деңгейінің жоғарылауы психологиялық жағдайдың нашарлауына алып келетінін көрсетеді. Өмірге қанағаттану көрсеткіші де кәсіби қанағаттанумен ($r=0,52$) және психологиялық әл-ауқатпен ($r = 0,58$) оң байланыс көрсетті. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер мұғалімдердің психологиялық әл-ауқаты көпфакторлы жүйе екенін және ол кәсіби, эмоционалдық және субъективті факторлармен өзара байланысты екенін дәлелдейді. Психологиялық әл-ауқатқа қандай факторлар ең көп әсер етеді?

Кесте 7 – Регрессиялық талдау нәтижелері

Айнымалы	β (Beta)	t	p
Кәсіби қанағаттану	0,41	5,82	0,000**
Кәсіби күйзеліс	-0,36	-5,10	0,000**
Өмірге қанағаттану	0,29	4,12	0,000**

$$R^2 = 0,54 \quad F = 68,3, \quad p < 0,001$$

Регрессиялық талдау нәтижелері модельдің статистикалық тұрғыдан мәнді екенін көрсетті ($F = 68,3, p < 0,001$). Анықтау коэффициенті ($R^2 = 0,54$) психологиялық әл-ауқаттың 54%-ы зерттелген факторлар арқылы түсіндірілетінін көрсетеді. Нәтижелерге сәйкес, психологиялық әл-ауқатқа ең күшті әсер ететін фактор – кәсіби қанағаттану ($\beta = 0,41, p < 0,001$). Бұл көрсеткіш мұғалімдердің еңбекке қанағаттануы олардың психологиялық жағдайының негізгі детерминанты екенін дәлелдейді. Сонымен қатар кәсіби күйзеліс психологиялық әл-ауқатқа теріс әсер етеді ($\beta = -0,36, p < 0,001$), яғни күйзеліс деңгейінің артуы әл-ауқаттың төмендеуіне алып келеді. Өмірге қанағаттану да маңызды оң фактор ретінде анықталды ($\beta = 0,29, p < 0,001$), бұл субъективті әл-ауқаттың жалпы психологиялық жағдайға ықпал ететінін көрсетеді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері мұғалімдердің кәсіби қанағаттануы, психологиялық әл-ауқаты және өмірге қанағаттануы арасында статистикалық тұрғыдан мәнді өзара байланыстардың бар екенін көрсетті. Сонымен қатар кәсіби күйзеліс деңгейінің аталған көрсеткіштермен кері байланыста екені анықталды.

Атап айтқанда, эмоционалдық шаршау деңгейінің жоғарылауы психологиялық әл-ауқаттың төмендеуімен сипатталса, ал кәсіби қызметке және жалпы өмірге қанағаттанудың артуы тұлғаның ішкі үйлесімділігі мен психологиялық тұрақтылығының жоғарылауына ықпал ететіні айқындалды. Тұлғалық ерекшеліктерді талдау нәтижелері саналылық пен тілектестік, яғни жақсы ниет сияқты қасиеттердің жоғары деңгейі мұғалімдердің кәсіби бейімделуіне оң әсер ететінін көрсетті. Ал эмоционалдық тұрақтылықтың салыстырмалы түрде төмен деңгейі кәсіби күйзелістің қалыптасу қаупін арттыратын фактор ретінде анықталды. Осылайша, алынған нәтижелер педагогтердің кәсіби тиімділігі мен психологиялық әл-ауқаты көпфакторлы жүйе екенін және оның қалыптасуы кәсіби, тұлғалық және әлеуметтік факторлардың кешенді өзара ықпалымен жүзеге асатынын дәлелдейді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу қазақстандық мұғалімдердің кәсіби қанағаттануы мен психологиялық әл-ауқатының өзара байланысын кешенді түрде талдауға бағытталды. Теориялық және эмпирикалық деректерді талдау нәтижелері зерттеу мақсатына қол жеткізілгенін көрсетті. Зерттеу барысында мұғалімдердің психологиялық әл-ауқаты, кәсіби қанағаттануы, өмірге қанағаттануы және кәсіби күйзеліс деңгейі өзара тығыз байланысты екені анықталды. Атап айтқанда, кәсіби қанағаттану мен психологиялық әл-ауқат арасында оң және статистикалық мәнді байланыс байқалды, бұл мұғалімдердің өз еңбек қызметіне қанағаттану деңгейі артқан сайын олардың ішкі психологиялық тұрақтылығы мен өмірлік үйлесімділігі де жоғарылайтынын дәлелдейді. Сонымен қатар кәсіби күйзелістің, әсіресе эмоционалдық шаршаудың жоғары деңгейі психологиялық әл-ауқаттың төмендеуімен байланысты екені анықталды. Бұл жағдай педагогтердің кәсіби қызметінде психоэмоционалдық жүктеменің жоғары екендігін және оны төмендетуге бағытталған шаралардың қажеттілігін көрсетеді. Өмірге қанағаттану көрсеткіштері де психологиялық әл-ауқатпен және кәсіби қанағаттанумен оң байланыс көрсетті, бұл тұлғаның жалпы субъективті әл-ауқаты кәсіби қызмет тиімділігіне ықпал ететін маңызды фактор екенін айқындайды. Тұлғалық ерекшеліктерді талдау нәтижесінде саналылық пен тілектестік сияқты қасиеттердің жоғары болуы мұғалімдердің кәсіби бейімделуіне және тиімді қызмет етуіне оң әсер ететіні анықталды. Ал эмоционалдық тұрақтылықтың жеткіліксіз деңгейі кәсіби күйзелістің қалыптасу қаупін арттыратын фактор ретінде қарастырылды. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері педагогтердің кәсіби тиімділігі мен психологиялық әл-ауқаты көпқырлы, көпфакторлы жүйе екенін және оның қалыптасуы кәсіби, тұлғалық және әлеуметтік факторлардың өзара ықпалымен жүзеге асатынын көрсетті. Практикалық тұрғыдан алғанда, алынған нәтижелер білім беру ұйымдарында мұғалімдердің психологиялық әл-ауқатын арттыруға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу, кәсіби күйзелістің алдын алу шараларын күшейту, сондай-ақ қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыру қажеттілігін негіздейді. Осылайша, зерттеу нәтижелері білім беру жүйесінде педагогтердің кәсіби қанағат-

тануын арттыру мен психологиялық қолдауды қамтамасыз ету сапалы білім берудің маңызды шарты болып табылатынын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000982>
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
3. Мескон Майкл Х., Альберт Майкл, Хедоури Ф. Основы менеджмента, 3-е изд.: Пер. с англ.- М.:ООО «И. Д. Вильямс», 2007. с.254.
4. Mayo E. The Human Problems of an Industrial Civilization. — New York: Macmillan, 1933. — 194 p.
5. Vroom V. H. Work and Motivation. — New York: Wiley, 1964. — 331 p.
6. Managerial Attitudes and Performance, par Lyman W. Porter and Edward E. Lawler, Richard D. Irwin, Inc., Homewood, Illinois, 1968, 209 pages
7. Кузьмина Н.В., Реан А.А. Профессионализм педагогической деятельности. СПб.: МААН, 1993. 172 с. 7.
8. Ядов В.А. Мотивация труда: проблемы и пути развития исследований // Советская социология. Т. 2. М.: Наука, 1982. С. 118–129.
9. Берзин Б.Ю., Мальцев А.В. Учитель: удовле творенность профессией и социально-психологическое самочувствие // Социальная философия и социология. 2016. № 7. URL: <https://docplayer.ru/29605599-Uchitel-udovletvorennost-professii-i-socialno-psihologicheskoe-samochuvstvie.html> (дата 12.09.2019). обращения:
10. Гордиенко В.Н. Удовлетворенность профессиональной деятельностью как психологический критерий личностно-профессионального развития учителя: Автореф. дис. ... канд. психол. наук. Иркутск: Иркутский государственный педагогический университет, 2004. URL: <http://www.dissercat.com/content/udovletvorennost-professionalnoi-deyatelnostyu-kak-psikhologicheskii-kriterii-lichnostno-pro> (дата обращения: 27.08.2018).
11. Ryff, C. D. The structure of psychological well-being revisited / C. D. Ryff // Journal of Personality and Social Psychology. – 1995. – Vol. 69, No. 4. – P. 719–727. – DOI : 10.1037//0022-3514.69.4.719.
12. Жданова Н. Е., Мухлынина О. В. Исследование психологического благополучия педагогов // Профессиональное образование и рынок труда. 2019. № 2. С. 14–17.
13. Мерзлякова, С.В., Кулигина, Н.В. (2019). Исследование связи мотивации и удовлетворенности трудом медицинского персонала. Вестник ЮргГПУ, (4), 265–278, <https://doi.org/10.25588/CSPU.2019.11.34.017>
14. Лактионова, Е.Б., Матюшина, М.Г. (2018). Теоретический анализ подходов к исследованию проблемы позитивного функционирования личности: счастье, психологическое благополучие, субъективное благополучие. Известия Иркутского государственного университета. Серия: Психология. (26), 77–88. <https://doi.org/10.26516/2304-1226.2018.26.77>
15. Романова Е.А., ТорееваТ.А., Гасанова Р. Р. Социально-психологическое благополучие педагога // Отечественная и зарубежная педагогика. 2019. Т. 2, № 2 (64). С. 106–116.
16. Авдеева А. П., Журавлев А. К., Нечушкин Ю. В., Сафонова Ю. А., Цыганенко О. С. Психологическое благополучие преподавателей вуза при пандемии // Современные наукоемкие технологии. – 2021. – № 4. – С. 117–123. DOI: <https://doi.org/10.17513/snt.38625> URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=45706328>
17. Benevene P., De Stasio S., Fiorilli C. Editorial: Well-Being of School Teachers in Their Work Environment // Frontiers in Psychology. – 2020. – Vol. 11. – P. 1239. DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2020.01239>
18. Hascher T., Waber J. Teacher well-being: A systematic review of the research literature from the year 2000–2019 // Educational Research Review. – 2021. – Vol. 34. – P. 100411. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.edurev.2021.100411> э
19. Dreer B. Teacher well-being: Investigating the contributions of school climate and job crafting // Cogent Education. – 2022. – Vol. 9 (1). – P. 2044583. DOI: <https://doi.org/10.1080/2331186X.2022.2044583>

Авторлар туралы мәлімет:

Алматай Қуанышбай – хат-хабар авторы, докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: kuanish8777@gmail.com

Даникеева А.Б. – философия докторы (PhD), Педагогика және психология, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан. E-mail: Danikeeva.a@icloud.com

Шарипходжаева Ж.Б. – философия докторы (PhD), аға оқытушы, Әлеуметтік жұмыстар және тәрбие ісі жөніндегі директор, Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: jeniskul_8970@mail.ru

Абсатарова Г.П. – коммуникативтік дағдылар кафедрасының профессор ассистенті, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: absatarova.g@kaznmu.kz

Сведения об авторах:

Алматай Қуанышбай – автор для корреспонденции, докторант факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: kuanish8777@gmail.com

Даникеева А.Б. – доктор философии (PhD), кафедра педагогики и психологии, Таразский университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан. E-mail: Danikeeva.a@icloud.com

Шарипходжаева Ж.Б. – доктор философии (PhD), старший преподаватель, директор по социальной работе и воспитательной деятельности, Алматинский гуманитарно-экономический университет, Алматы, Казахстан. E-mail: jeniskul_8970@mail.ru

Абсатарова Г.П. – ассистент-профессор кафедры коммуникативных навыков, Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан. E-mail: absatarova.g@kaznmu.kz

Information about the Authors:

Kuanyshbai Almatay – Corresponding Author, PhD Student, Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.. E-mail: kuanish8777@gmail.com

A.B. Danikeeva – Doctor of Philosophy (PhD), Department of Pedagogy and Psychology, M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan. E-mail: Danikeeva.a@icloud.com

Zh.B. Sharipkhodzhaeva – Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer, Director for Social Work and Educational Affairs, Almaty Humanitarian and Economic University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: jeniskul_8970@mail.ru

G.P. Absatarova – Assistant Professor, Department of Communication Skills, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan.. E-mail: absatarova.g@kaznmu.kz